

ҚПҚ (қызылша, паротит, қызамық), Үндістанда өндірілген

Қызылша, паротит және қызамық – өте ауыр аурулар. Вакцина қолданылмас бұрын, көбіне балалар арасында өте кең таралған ауру болатын.

Қызылша

- Қызылша вирусы бөртпені, жөтелді, мұрыннан су ағуды, көздің тітіркенуін және безгекті тудырады.
- Бұл көздің инфекциясына, пневмонияға, құрысуларға (көз тартылуы және қозғалмай қалуы), мидың зақымдануына және өлімге әкелуі мүмкін.

Паротит

- Паротит вирусы безгекті, бас ауруын, бұлшықеттің ауырсынуын, тәбеттің төмендеуін және бездердің ісінуін тудырады.
- Бұл керендікке, менингитке (ми мен жұлынның ішкі қабығының инфекциясы), аталық бездің немесе аналық бездің ауырсынып ісінуіне, сирек жағдайларда бедеулікке әкелуі мүмкін.

Қызамық (қызылша қызамығы)

- Қызамық вирусы бөртпелер, артрит (көбінесе әйелдерде) және жеңіл безгекті тудырады.
- Егер әйел жүктілік кезінде қызамық ауруына шалдықса, түсік тастауы немесе нәресте ауыр ақаулармен туылуы мүмкін.

Бұл аурулар басқа адамнан сау адамға ауа арқылы жұғады. Сіз оларды науқас адамның жанында болу арқылы оңай жұқтырып алуыңыз мүмкін. Қызылшаға, паротитке және қызамыққа қарсы вакцина балаларды (және ересектерді) барлық үш аурудан сақтай алады.

Қосымша ақпаратты қараңыз - [ҚПҚ](#)